

Сәлеметсіздерме, құрметті Дөңгелек үстелге қатысушылар!

Бүгін біз «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасы бойынша пікір алысуға жиналып отырмыз.

Осы заң жобасының тұсаукесерінде қаншама сұрақтар туындағанын біздің бәріміздің есімізде. Заң жобасы бойынша жұмыс тобының отырыстарында да қандай пікір талас болып жатқанын мен білемін.

Менің ойымша, осы заң жобасы ертең жақсы, біздің жастарға қажетті заң болып шығуына оны нақты мазмұнымен толықтыру қажет.

Бұл мәселеге бүгінгі Дөңгелек үстел көмегін тигізу керек. Менің ойымша, бүгін айтылған тілектермен пікірлердің

барлығын талдап қорытылып заң жобасымен жұмыс барысында есепке алынады.

Құрметті Дөңгелек үстелге қатысушылар!
Бүгінгі отырыстың жемісті өтуіне тілектеспін.

Тыңдағандарыңызға рахмет.